

"Арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 5 қыркүйектегі № 689 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 23 ақпандағы № 220 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 25 наурызда № 13530 болып тіркелді

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 5 қыркүйектегі № 689 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8788 болып тіркелген, 2013 жылғы 5 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 268 (28207) болып жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын п а й д а л а н у қ а ғ и д а л а р ы н д а :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар мен терминдер:

1) аппараттық-бағдарламалық кешен – белгілі бір типтегі міндеттерді шешу үшін бірлесіп қолданылатын бағдарламалық қамтылым мен техникалық құралдар жиынтығы ;

2) арнайы автоматтандырылған өлшеу құралы – метрологиялық салыстырып тексеруден өткен, фото -, бейнетүсірілімді жүзеге асыратын, автоматты режимде жұмыс істейтін, автокөлік құралдарының түрін, маркасын, мемлекеттік тіркеу белгісін, салмақтық және (немесе) көлемдік параметрлерін және қозғалыс жылдамдығын тіркейтін сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық жабдығы;

3) көлік құралдарын өлшеу – міндетті метрологиялық тексеруден өткен және тиісті сертификаты бар стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығы немесе тасымалданатын ұтқыр таразылар көмегімен автокөлік құралдарының жалпы массасы мен білікке түсетін жүктемесін анықтау процесі;

4) қатты жол қаптауы – жабындысы немесе цемент бетон немесе темір бетон негізіндегі ж о л қ а п т а у ы ;

5) қатты емес жол қаптауы – қабаттары асфальт бетонның бірнеше түрінен, битуммен, цементпен, әкпен бекітілген кешенді және басқа да тұтқыр материалдардан,

сондай-ақ әлсіз байланған қиыршықты материалдардан жасалған жол қаптауы;

б) өлшеу ауытқуы – өлшеу нәтижесінің өлшеніліп жатқан шаманың ақиқат (анық) мәнінен ауытқуы. » ;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

«6-1. Автокөлік құралдарының салмақтық параметрлерін анықтаған кезде автокөлік құралы салмағының өлшенген мәнінен көліктік деректер қоры мен тасымалдау қауіпсіздігі динамикасының мониторингі ақпараттық талдау жүйесімен (бұдан әрі – КДҚ АТЖ) автоматты түрде шегерілетін жол қаптауы конструкциясының типіне қарай өлшеу ауытқуы ескеріледі.

Өлшеу ауытқуы қатты жол қаптауы болған кезде: автокөлік құралдарының салмағынан – 5%, автокөлік құралдарының дара білікке түскен жүктемесінен – 8%, жүк, арнайы бейімделген және арнаулы автомобильдердің, өзі аударғыштың, автобустың, тіркемелердің немесе жартылай тіркемелердің біліктер саны үштен асатын сабақтас білікке, қосарланған және үштік біліктерге түскен жүктемесінен – 7% құрайды;

Өлшеу ауытқуы қатты емес жол қаптауы болған кезде: автокөлік құралдарының салмағынан – 10%, автокөлік құралдарының дара білікке түскен жүктемесінен – 15%, жүк, арнайы бейімделген және арнаулы автомобильдердің, өзі аударғыштың, автобустың, тіркемелердің немесе жартылай тіркемелердің біліктер саны үштен асатын сабақтас білікке, қосарланған және үштік біліктерге түскен жүктемесінен – 13% құрайды. » ;

8 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жүріп өтетін автокөлік құралдарын тіркеп, КДҚ АТЖ-ге тиісті мәліметтерді жіберу ; » ;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) деректерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің Ахуал орталығының (бұдан әрі – Ахуал орталығы) КДҚ АТЖ-ге жіберу . » ;

9-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) автокөлік құралдарының салмақтық габариттік параметрлерінің асуы анықталған кезде автокөлік құралы туралы фотобейне мен ақпарат бұзушылықтар туралы есепті қалыптастыру үшін КДҚ АТЖ-де сақталады;».

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асаубаев) :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық

жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына ж і б е р у д і ;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Инвестициялар және даму министрі Ә. Исекешев